ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265636 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 2 (91 Т, 4566040) Әткеншек-білдек

Тапсырыс беруші: "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушы: "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	91 Т
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Әткеншек-білдек, типі СК
ТЖҚЖС санаттың атауы	Штангалы насос жетектері (станок-качалка)
Қосымша сипаттама	Сипаттама: Тербелмелі-станок СК 8-3-37
Саны	97.000
Өлшем бірлігі	Дана
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Мангистауская область, склад Жетыбай, Служба МТС АО "Мангистаумунайгаз"
Жеткізу шарттары	DDP
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 210 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 70%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Тербелмелі-станок СК 8-3-37. Жетек түрі — төменгі іргетаста, тербелме-білдек теңгергішті (балансирлі) тұғырлы нұсқада, тірек үш нүктелі (үш тіректі).

1) Параметрлері: Сағалық штокқа түсетін ең үлкен жүктеме — 8 (80) тоннадан (кН) кем емес; Сағалық штоктың жүріс ұзындығы — 2,1 м; 2,5 м; 3,0 м; Теңгергіштің (балансирдің) минутына тербеліс саны — 4,2...8,8; Теңгерімдеу жүйесі — иінді (кривошипті);

2) Келесі сипаттамалары бар шкивтермен, иіндермен (кривошиптермен) және тежегіш қалыппен жиынтықталған редуктор: Редуктор түрі — цилиндрлі екі сатылы; Тісті ілінісу түрі — эвольвентті, шевронды; Жиынтық ось аралық қашықтығы — 850 мм; Жиынтық беріліс саны — 28; Шығыс білігіндегі номиналды айналу моменті — 37 кНм; Негізден шығыс білігінің осіне дейінгі қашықтық — 560 мм; Баяу жүрісті сатының тістерінің номиналды модулі — 8; Баяу жүрісті сатының тістерінің саны — 99/17; Жылдам жүрісті сатының тістерінің номиналды модулі — 5; Жылдам жүрісті сатының тістерінің саны — 99 /20; Тісті ілінісулер тістерінің қаттылығы — НВ 220300; Тіреуіштерді (подшипниктерді) және тісті ілінісулерді майлау редуктор картеріне құйылатын майды шашырату арқылы жүзеге асырылады; Редуктор тіреуіштері (подшипниктері) тығыздағыш сақиналары бар тіреуіш корпустарының (стақанның) ішіне орнатылады. Жылдам жүрісті білік тіреуіші корпусының тығыздағыш сақинасы — 2 дана және баяу жүрісті білік тіреуіші корпусының

тығыздағыш сақинасы — 2 дана, тығыздағыш сақиналардың материалы — бутадиен-акрилонитрилді каучук; Майдың күйі мен деңгейін бақылау ыңғайлы болуы үшін редуктор корпусына мөлдір май деңгейін өлшегіш немесе щуп орнатылады; Майды рұқсатсыз төгу тек арнайы кілтпен ғана бұрап шығаруға болатын арнайы төгу тығынын қолдану есебінен болдырылмайды; Тісті ілінісулердің үйкеліп мүжілу өнімдерін жинау және жою үшін редуктор оның қақпағының үстіне орнатылатын магнитті жоңқа ұстағышпен жабдықталады; Редуктор тісті ілінісулерді тексеру үшін қолданылатын люк қақпағымен жиынтықталады; Тексеру люгінде май құюға арналған тез шешілетін қақпағы бар мойын көзделген; Редуктордың баяу жүрісті білігінде иіндерді (кривошиптерді) бекіту тартқыштар (стяжкалар) көмегімен жүзеге асырылады;

3) Тербелме-білдекті (ТБ) монтаждау темірбетонды негізге (іргетасқа) жүргізіледі. Оның рамасының нөлдік белгіге қатысты биіктікте орналасуы және ұңғыма сағасынан қашықтығы тапсырыс беруші мен бұйымды дайындаушы зауыттың келісімі бойынша анықталады. Дайындауды бастамас бұрын ТБ мен іргетастың конструкциясын тапсырыс берушімен келісу керек.

4) Тірек үш нүктелі, жиналмалы. Теңгергіш (балансир) биіктігі 600 мм-ден кем емес қос таврлы қималы профильді прокаттан дайындалады. Теңгергіш бұрылмалы бастиекпен, шатундары бар траверсамен, тіреуіш және аспалы подшипниктермен жиынтықталады. Бастиектің бұрылуы оның теңгергіштің орталық осіне отырғызылуымен және осьте тіреуіш подшипнигі мен майлауға арналған тавотницаның (майлағыштың) болуымен қамтамасыз етіледі. Теңгергіш бастиегінің қашықтан басқару арқылы екі тарапқа да (оңға және солға) 90 градусқа бұрылу мүмкіндігі бар. Бастиекті жұмыс немесе бұрылған қалыптарда бекіту қашықтан басқару фиксаторының көмегімен жүзеге асырылады.

5) Бастиекті бұру соңында электр қозғалтқышты өшіретін ЭД-СН-СУ Р=750Вт, U=380В, I=2.13А жол үзісті қосқыштарын, ТБ бастиегінің фиксаторының жүріс соңында электр қозғалтқышты өшіретін ЭД-YS-71 V3-4 Р=0,55Вт, U=380В, I=1,52А жол үзісті қосқыштарын және 5 дана мөлшерінде иілгіш жерге тұйықтау секірпелерін орнату керек.

6) ТБ теңгергіш бастиегін бұру мен бекітуді және жол үзісті қосқыштарын басқарудың бүкіл жүйесі жеке басқару шкафына жиынтықталуы тиіс.

7) Теңгергішке топсалы ілінген траверса шатундар үзілген кезде жетекті авариялық тоқтатуға электрлік сигнал беретін, теңгергішке орнатылған датчиктермен өзара әрекеттесетін кронштейндермен жабдықталады. Датчиктердің электрлік сигналы тербелме-білдектің басқару станциясына қосылады.

8) Шкаф пен басқару станциясына кабельдерді жеткізу сауытты шлангілерде (бронешлангтарда) жүзеге асырылады және тербелме-білдектің металл конструкциясына қатты бекітіледі.

9) Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тербелме-білдектің тірегі мен теңгергіші арасында кабельдерді ажырату мақсатында тербелме-білдек корпусына шатунның үзілу датчиктерінің, жол үзісті қосқыштарының, теңгергіш бастиегін бұру және бекіту жетектерінің бақылау кабельдеріне арналған штепсельдік қосқыштарды орнату керек.

10) Иілгіш жерге тұйықтау секірпелерінің сипаттамасы: Өткізгіштің қимасы: 50 мм², секірпе ұзындығы: 560 мм, мырышталған жабын, климаттық орындалуы: У2,5, арқан-ұштық кедергісі: 0,1 Ом-нан кем.

11) ТБ-ге қызмет көрсетудің ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тіректің екі жағынан тесілген-созылған табақтан (просечной лист) жасалған, көтерілмелі сатылары мен қоршаулары бар, теңгергіш тірегі мен теңгергіш бастиегіне қызмет көрсетуге арналған жоғарғы алаңдар орнатылады; алаңның теңгергіш бастиегінің саусағына қызмет көрсетуге мүмкіндігі болуы керек. ТБ периметрлік қоршаумен жиынтықталады, ол ойықтарында есіктері бар бүйірлік және шеткі қалқандардан тұрады, олардың төменгі белдеуінің нөлдік белгіден орналасу биіктігі 20 см-ден аспауы тиіс. Жерге тұйықтау өткізгіштерін бекіту үшін рамаға болат бобышкаларды (биіктігі 40 мм, сыртқы диаметрі 32 мм, ішкі бұрандасы М12 мм) орнату керек, саны — 5 дана (алдыңғы бөлігінде 2 дана, артқы бөлігінде 2 дана, электр қозғалтқыш үшін 1 дана), өлшемі 440 мм, ұзындығы 250 мм жерге тұйықтаушы болат мырышталған жолақпен және 5 дана мөлшеріндеге жерге тұйықтау өткізгіштерімен жиынтықта. Пісірілген бобышканың қасына ТБ корпусына жерге тұйықтаудың металл белгілерін бекіту керек, саны — 5 дана. Негіз рамасы бетінің бос орындарына және электр қозғалтқыштың астына тесілген-созылған табақтарды орнату керек, теңгергішке ұңғымалардың нөмірін жазу үшін болат 2 мм табақтан жасалған 3001000 мм алынбалы тақтайшаны орнату керек.

12) Сына тәрізді белдікті беріліс — белдік түрі В(Б)-5000, белдіктер саны — 12 дана;

13) Электр қозғалтқыш: қуаты — 22 кВт-тан кем емес, айналым саны — 1000 айн/мин, электр қозғалтқыш білігіне конустық отырғызылатын конустық төлкеге орнатылған Ø210 мм шкивпен жиынтықта. Белдіктерді тез ауыстыру және тарту үшін электр қозғалтқыш реттелетін бұрылмалы рамаға орнатылады.

14) Қарсы салмақтарда (противовестерде) оларды жылжыту үшін екі жағынан тесік көздеу керек.

15) ТБ-нің барлық майланатын тораптарына тавотницалар (майлағыштар) орнату керек.

16) Сальник штоғының аспасы 1ПСШ.000; Жиынтықталуы: жоғарғы және төменгі траверса, ішкі Ф-32 мм бұрандалы төлкесі бар шток төлкесі, штокқа арналған серіппелі плашка; арқанға арналған плашкасы бар арқан төлкесі — 22,5 мм, шайба, бұрандалы арқан төлкесі, штырь (сұққыш), серіппе; сомыны бар көтергіш винт, тірек, винт және серіппелі сақина, сызбаны тапсырыс берушімен келісу керек.

17) ТБ жеткізілуі жиынтықталған құрамда, редуктор иіндермен (кривошиптермен), шкивтермен және тежегіш қалыппен жинақталып жүзеге асырылады.

18) ҚОҚ (қосалқы бөлшектер, құралдар мен қондырмалар / ЗИП) жиынтығына кіреді: Бекіту бұйымдарының толық жиынтығы (болттар, сомындар, шпилькалар, шайбалар және т. б.). Хромдаумен мырыштау арқылы коррозиядан қорғау. Диаметрі 22,5 мм, ұзындығы 8-10 метрден кем емес арқаны бар сағалық штоктың аспасы (1 жиынтық); Иіндердегі (кривошиптердегі) қарсы салмақтарды жылжытуға арналған құрылғы — 1 дана; Кабелі 25 м шатундардың үзілу кронштейндері мен датчиктері — 2 жиынтық; сауытты шланг (бронешланг); штепсельдік қосқыштар; жол үзісті қосқыштары; Май айдайтын шприц-нагнетатель — 1 дана; Алты қырлы ұзартылған торцтық бас (100 мм-ден кем емес), квадрат өлшемі 1 дюйм, бас өлшемі (шатунның төменгі басының сомынының өлшемі бойынша) — 1 дана; Торцтық басқа арналған Г-тәрізді тұтқа, квадрат өлшемі 1 дюйм — 1 дана; СУСГ сальнигін шығаруға арналған экстрактор/құрал — 2 дана (жеткізу алдында түрі мен конструкциясын Тапсырыс берушімен келісу керек). Арқанды аспаның стақаны сухарьларымен жинақта — 2 жиынтық; Диаметрі 22,5 мм арқан — 8 - 10 м.; Тербелме-білдектердің бүкіл партиясына 4 дана гидравликалық шығарғыш (съемник) жеткізіледі, ол штоктың жүрісі 150 мм-ден кем емес, иінді (кривошипті) ТБ білігінен демонтаждауға және иін саусағын 50 тс тарту күшімен сығып шығаруға (выпрессовкалауға) арналған;

19) ТБ теңгергіш бастиегін бұру мен бекітуді және жол үзісті қосқыштарын басқару шкафы — 1 дана.

Қосымша талаптар шарттың №4 қосымшасында көрсетілген.

Қол қойған	Баймагамбетов Мурат Ескабылович
Қол қойылған күні	27.10.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265636
способом Открытый тендер на понижение

Лот № 2 (91 Т, 4566040) Станок-качалка

Заказчик: Акционерное общество "Мангистаумунайгаз"

Организатор: Акционерное общество "Мангистаумунайгаз"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	91 Т
Наименование и краткая характеристика	Станок-качалка, тип СК
Наименование категории ОКТРУ	Станки-качалки/Приводы штанговых насосов
Дополнительная характеристика	Описание: Станок-качалка СК 8-3-37
Количество	97.000
Единица измерения	Штука
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Мангистауская область, склад Жетыбай, Служба МТС АО "Мангистаумунайгаз"
Условия поставки	DDP
Срок поставки	С даты подписания договора в течение 210 календарных дней
Условия оплаты	Предоплата - 30%, Промежуточный платеж - 70%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Станок-качалка СК 8-3-37. Тип привода - на низком фундаменте, станок-качалка в балансирном тумбовом исполнении, стойка трехопорная.

1) Параметры: - Наибольшая нагрузка на устьевом штоке - не менее 8 (80) тонны (кН); Длина хода устьевого штока - 2,1 м; 2,5 м; 3,0 м; Число качаний балансира в мин - 4,2...8,8; Система уравновешивания - кривошипная;

2) Редуктор в комплекте шкивами, кривошипами и тормозной колодкой, имеющим следующие характеристики: Тип редуктора цилиндрический двухступенчатый; Вид зубчатого зацепления эвольвентное, шевронное; Суммарное межосевое расстояние 850 мм; Суммарное передаточное число 28; Номинальный крутящий момент на выходном валу 37 кНм; Расстояние от основания до оси выходного вала 560 мм; Номинальный модуль зубьев тихоходной ступени 8; Число зубьев тихоходной ступени 99/17; Номинальный модуль зубьев быстроходной ступени 5; Число зубьев быстроходной ступени 99/20; Твердость зубьев зубчатых зацеплений НВ 220300; Смазка подшипников и зубчатых зацеплений осуществляется маслом, заливаемым в картер редуктора путем разбрызгивания; Подшипники редуктора устанавливаются внутри корпусов подшипника (стакан) с уплотнительными кольцами. Уплотнительное кольцо корпуса подшипника быстроходного

вала - 2шт. и уплотнительное кольцо корпуса подшипника тихоходного вала - 2 шт. материал уплотнительных колец бутадиен-акрилонитриловый каучук; Для удобства контроля за состоянием и уровнем масла, в корпусе редуктора устанавливается маслоуровнемер прозрачный или щуп; Несанкционированный слив масла исключается за счет применения специальной сливной пробки, выворачивание которой возможно только специальным ключом; Для сбора и удаления продуктов приработки зубчатых зацеплений редуктор оснащается магнитным стружкоуловителем, устанавливаемым сверху на крышке редуктора; Редуктор укомплектовывается крышкой люка, используемой для осмотра зубчатых зацеплений; На смотровом люке предусмотрена горловина с быстросъемной крышкой для заливки масла; Фиксация кривошипов на тихоходном валу редуктора осуществляется с помощью стяжек;

3) Монтаж СК производится на железобетонное основание (фундамент). Высотное расположение его рамы относительно нулевой отметки и расстояние от устья скважины определяются по согласованию заказчика и завода-изготовителя изделия. Перед началом изготовления конструкцию СК и фундамента согласовать с заказчиком.

4) Стойка трехопорная, складная. Балансир изготавливают из профильного проката двутаврового пересечения высотой не менее 600мм. Балансир комплектуется поворотной головкой, траверсой с шатунами, опорным и подвесным подшипниками . Поворот головки обеспечивается ее посадкой на центральную ось балансира и наличием на оси упорного подшипника и тавотницы для смазки. Головка балансира имеет возможность поворота на 90 градусов в обе стороны (направо и налево) с дистанционным управлением. Фиксация головки в рабочем или отвернутом положениях производится с помощью фиксатора дистационного управления.

5) Установить путевые выключатели отключающие электродвигатель в конце хода ЭД-СН-СV P=750Вт, U=380В, I =2.13А поворота головки, путевые выключатели отключающие электродвигатель в конце хода ЭД-YS-71 V3-4 P=0,55Вт, U=380В, I =1,52А фиксатора головки СК и гибкие заземляющие перемычки в количестве 5шт.

6) Вся система управления поворотом и фиксацией головки балансира СК и путевых выключателей должны укомплектоваться в отдельном шкафу управления.

7) Шарнирно подвешенная на балансире траверса, оснащается кронштейнами, взаимодействующими с установленными на балансире датчиками, подающими электрический сигнал на аварийный останов привода при обрыве шатунов. Электрический сигнал датчиков подключаетсяк станции управлении станка-качалки.

8) Подвод кабелей к шкафу и станции управлении осуществляется на бронешлангах и жестко закреплены к металлоконструкции станка-качалки.

9) С целью разделения кабелей между стойкой и балансиром станка-качалки при проведении ремонтных работ, установить на теле станка-качалки штепсельные разъёмы на контрольные кабели датчиков обрыва шатуна, путевых выключателей, приводов поворота и фиксации головки балансира.

10) Характеристика гибких заземляющих перемычек: Сечение проводника: 50 мм², длина перемычки: 560 мм, оцинкованное покрытие, климатическое исполнение: У2,5, сопротивление канат-наконечник: менее 0,1 Ом.

11) В целях обеспечения удобства и безопасности обслуживания СК на стойке с двух сторон устанавливаются площадки из просечного листа верхняя для обслуживания опоры балансира и головки балансира с подъемными лестницами и перилами; площадка должен иметь доступ к обслуживанию пальца головки балансира. СК укомплектовывается периметровым ограждением, состоящим из боковых с расположенными в их проемах дверцами и торцевых щитов, высота расположения нижнего пояса которых от нулевой отметки не должна превышать 20 см. Для крепления заземляющих проводников на раме установить стальные бобышки (высота 40мм, диаметр наружный 32мм, резьба М12мм внутренняя) кол-во -5шт. Передней части 2шт., на задней части 2шт., для электродвигателя 1шт., в комплекте с заземляющей стальной оцинкованной полосой 4*40мм, длиной 250мм. и с заземляющими проводниками в количестве 5шт. Рядом с приваренной бобышкой закрепить на корпусе СК металлические знаки заземления кол-во 5шт. На свободные места поверхности рамы основания и под электродвигателем установить листы просечные, на балансире установить съемную табличку 300*1000мм, из стального листа 2мм для нанесения номера скважин.

12) Клиноременная передача - тип ремня В(Б)-5000 с числом ремней 12 штук;

13) Электродвигатель мощность не менее - 22 кВт, число оборотов 1000 об/мин, в комплекте со шкивом Ø210мм установленный на конусной втулке с конусной посадкой на вал электродвигателя. Для быстрой смены и натяжения ремней электродвигатель устанавливается на регулируемой поворотной раме.

14) Для продвижения на противовесах предусмотреть отверстие с двух сторон.

15) На все смазываемые узлы СК установить тавотницы.

16) Подвеска сальникового штока 1ПСШ.000; Комплектация: траверса верхняя и нижняя, втулка штока с резьбовой втулкой внутренний Ф-32 мм, пружиной плашкой для штока; втулка каната с плашкой для каната -22,5 мм, шайбой, втулка каната резьбовая, штырь, пружина; винт подъемный с гайкой, упор, винтом и колцом пружиным, чертеж согласовать с заказчиком.

17) Поставка СК осуществляется укомплектованном составе, редуктор в сборе с кривошипами, шкивами и тормозной колодкой.

18) В комплект ЗИП входит: Полный комплект крепежных изделий (болты, гайки, шпильки, шайбы и т.д.). Защита от коррозии оцинкованием с хромированием. Подвеска устьевого штока с канатом диаметром 22,5мм длиной не менее 8-10м. (1 комплект); Устройство для перемещения противовесов на кривошипах -1шт; Кронштейны и датчики обрыва шатунов с кабелем 25м. - 2 комплекта; бронешланг; штепсельные разъёмы; путевые выключатели; Шприц нагнетатель смазки - 1шт.; Торцевая головка шестигранная

удлиненная (не менее 100мм) размер квадрата 1 дюйм, размер головки (по размеру гайки нижней головки шатуна) - 1 шт.; Рукоятка для торцовой головки Г-образная размер квадрата 1 дюйм - 1шт; Экстрактор/Инструмент для извлечения сальника СУСГ - 2 шт (перед поставкой тип и конструкцию согласовать с Заказщиком). Стакан канатной подвески в сборе с сухарями - 2комплект; Канат диаметром 22,5мм - 8 - 10 м.; На всю партию станков качалок поставляется 4 ед. съемник гидравлический с ходом штока не менее 150 мм, предназначенный для демонтажа кривошипа с вала станка-качалки и выпрессовки пальца кривошипа с тяговым усилием 50 тс.;

19) Шкаф управления поворотом и фиксацией головки балансира СК и путевых выключателей - 1 штук.

Дополнительные требования указаны в приложении №4 к договору.

Подписал	Баймагамбетов Мурат Ескабылович
Дата подписания	27.10.2026